

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ

**«Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру» факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№3 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

17.11.2023 ж

Қатысқандар: Комиссия төрағасы:

1. Э. Алиева – магистр-аға оқытушы

Комиссия мүшелері:

2. Л. Бегімбекова – Акушерлік-гинекология каф. меңг.
3. Ғ. Қалдықозова – Арнайы хирургиялық пәндер каф. меңг.
4. Қ. Қулаев - Жалпы дәрігерлік практика №1 каф. меңг.
5. А. Дауреханов - Жалпы дәрігерлік практика №2 каф. меңг.
6. Г. Утепбергенова - Жукпалы аурулар және фтизиатрия каф. меңг.
7. Б. Аманбаева – Ішкі аурулар каф. меңг.
8. Г. Абасова - Неврология, психиатрия және наркология каф. меңг.
9. С. Токбергенова – Педиатрия каф. меңг.
10. К. Газизова - Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер каф. меңг.
11. Ұ. Муқанова - Хирургия, анестезиология және реанимация
12. Н. Джуманкулова - Оқу-әдістемелік комитет төрағасы
13. Ж. Оразбаева – Академиялық комитет төрағасы
14. Н.Сарбекова – Факультет әдіскері
15. М. Копбайқызы – Факультет әдіскері

Шақырылғандар:

16. А.С.Абдрахманова – PhD, факультет деканы
17. Б. Сатимова - оқу бөлімінің басшысы

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.БББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау;
- 2.БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
- 3.Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

1.Талқыланды: БББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау . Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Э.Алиева сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша БББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен кафедралар толық 90% қамтылғандығы баяндалды.

Кафедралар оқытушылары шығарған оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдарының және электронды нұсқадағы кітаптарды баспадан шығарып, кітапханаға өткізді. Осы оқулықтармен оқу құралдарының және арнайы қол жетімді сайттағы кітаптар негізінде 2,8-қосымшалары толтырылып кітапханаға өткізілді. Оқулықтар қорын жаңарту мақсатында пәндерді оқытуға арналған оқулықтарды сатып алу кітапханаға ұсыныс берілді.

Кафедраларда БББ пәндерін оқулықтар қамтамасыз етуді жетілдіру керек. Себебі факультетке қатысты мамандықтарда орыс, қазақ, ағылшын, түрік тіліндегі әдебиеттер қорын толықтыру қажеттігі бар. Себебі, студенттер мен резиденттер үшін үш тілдегі әдебиеттер қоры жеткіліксіз. Сонымен қатар, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулықтар дайындау мәселесі бар екенін айта кету керек.

Шешім: ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдары мен оқу әдістемелік нұсқаулықтарды оқыту тілдеріне сәйкес шығару қолға алынсын.

2. Талқыланды: БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.

Екінші мәселе бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Э.Алиева сөз алып, БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру туралы баяндады. Ол өз сөзінде Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылымпедагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай

қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен

Ф-ОБ-001/065

келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы технологияларды меңгеру болып табылады. Қазіргі таңда профессор-оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуін айтты. Профессор- оқытушылар сабақ өткізу барысында инновациялық әдістерді: жобалау әдісі, пікірталас әдісі, топта жұмыс, case-study, компьютерлік технологияға негізделген әдістер, деңгейлеп оқыту әдістерін қолданады.

Шешім: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендірілуі қанағаттанарлық деп таңылсын.

4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

Комиссия мүшелері 2023-2024 оқу жылының қараша айында ішінара мына мәселелерді талдау барысында анықталды: ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасауын, ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау сапасын арттырып, оқытушылардың озық тәжірибесін таратуды қолға алу керек.

Шешім: Қараша айында ағымдағы жұмыстар бойынша, яғни : ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасауын, ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау қанағаттарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Э. Алиева

Мәжіліс хатшысы:



Г. Муздыбаева